

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГКП «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

**Балалар аула клубтары үшін қосымша білім беру оқу
бағдарламалары және әдістемелік материалдар жинағы**

**Сборник образовательных учебных программ дополнительного
образования и методических материалов для Детских дворовых
клубов**

Астана, 2014 ж.

«Балалар аула клубтары үшін қосымша білім беру оқу бағдарламалары және әдістемелік материалдар жинағы» – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014, - 99 бет.

«Балалар аула клубтары үшін қосымша білім беру оқу бағдарламалары және әдістемелік материалдар жинағы» қосымша білім беру педагогтарына арналған.

Бұл жинақта Балалар аула клубтарының қызметінде қолданылатын оқу бағдарламалары, әдістемелік материалдар және қосымша білім беру педагогтарының үздік тәжірибелері насихатталған.

Құрастырған: Г.А. Күлкеева – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК әлеуметтік-педагогикалық бөлім жетекшісі.

«Сборник образовательных учебных программ дополнительного образования и методических материалов для Детских дворовых клубов» (методические рекомендации) – Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2014., - 99 стр.

«Сборник образовательных учебных программ дополнительного образования и методических материалов для Детских дворовых клубов» адресован педагогам организаций дополнительного образования.

В данный сборник вошли рабочие учебные программы, методические рекомендации по деятельности Детских дворовых клубов и представлен опыт работы педагогов дополнительного образования.

Составитель: Кулкеева Г. А.- руководитель социально-педагогического отдела РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования»

*Рекомендовано к печати Учебно-методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного
образования (Протокол от 26 сентября 2014 год №6)*

*ҚР БЖҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік
орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014 жылғы 26.09. № 6 хаттама)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2014

Кіріспе	4
Қарағанды қаласының Балалар-жасөспірімдер клубтарының даму бағдарламасы	6
«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің аула клубы» МКҚК балалар мен жасөспірімдерді қосымша дамытудың «Атамекен» білім беру бағдарламасы <i>(ұлттық сәндік –қолданбалы өнер үйірмесі)</i>	23
«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің аула клубы» МКҚК балалар мен жасөспірімдерді қосымша дамытудың «Тоғызқұмалақ» білім беру бағдарламасы	35
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы «Қайнар» балалар аулалық клубы «Жаңа толқын» үйірмесінің бағдарламасы	46
Қорытынды	52

Содержание

Введение	53
Программа развития детско-подростковых клубов города Караганда	55
Программа развития психолого-педагогического сопровождения подростков «группы риска» в ДЮЦВР города Петропавловска	73
Образовательная программа кружка декоративно-прикладного искусства для детей с ограниченными возможностями здоровья ДПК «Горизонт» г. Курчатова	82
Программа кружка "Волшебный квиллинг" города Актобе	87
Заключение	99

Кіріспе

"Аула клубтары қажет. Осындай клубтар жастарға өмірде анықталуға, кәсіби жол табуға көмектеседі. Бүкіләлемдік аядапты жасап шығарушы Стив Джобс оны достарымен аула клубтарында бастаған, бұл гаражда ойлап табылған. Сондықтан, біз мектептерде, колледждерде клубтарды белсендіруіміз қажет"

Нұрсұлтан Назарбаев

*(Астананы
дамыту
бойынша
мәжілісте)*

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – балалар және жасөспірімдермен тұрғын жері бойынша жұмыстар ұйымдастыру. Республикада аталған мәселені шешудің анықталған тәжірибесі жинақталған.

Қазіргі уақытта балалар аула клубтарының қызметі өзекті болып отыр. 2013 жылдан бері клубтардың желісін кеңейтуге және жасөспірімдерді, жастар мен педагогтерді клубтарға тартуға мүмкіндік беретін нормативтік құжат бекітілді.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес аталған жинаққа байланысты түсініктемелер мен терминдер келесі мағынада қолданылады:

Балалардың тұрғын жері бойынша аула клубтары – балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсететін әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі элементтерінің бірі жеке және ұжымдық мәселелерді шешудегі белсенді қоғамдық қатысудағы өз әрекеттілік пен өзін-өзі ұйымдастыру еркін тілдесудегі орын (кеңістік), кездесулер, қызығушылық бойынша бірлестіктер; жасөспірімдер мен жастарды әртүрлі мүмкіндік пен қызығушылықты іске асыруды қамтамасыз ететін клубтық желіні қалыптастыру;

Аула алаңшасы – білім беру ұйымдары, жаз мезгілінде жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын ұйымдастыра алатын тұрғын үй-коммуналдық кешендерде орналасқан дене шынықтыру және спорт бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдарда орналасқан көгалдандыру элементтері бар шағын архитектуралық нысандарды біріктіретін мемлекеттік немесе спорттық және бос уақыттың басқа нысандар бағыты.

Тұратын жері бойынша жұмысты ұйымдастыру уақытқа сәйкес спорттық секциялар, техникалық үйірмелер, өз бетінше жұмыс ұйымдастыратын көркемдік үйірмелер, әуесқой бірлестіктер желілері арқылы жүзеге асырылады.

Әдеттегідей, әр клубта жұмыстың басым бағыты анықталған, бірақ аталған клубқа баратын балалардың өз қызығушылықтары болуы мүмкін, клубтың жылдық жоспарында зияткерлік те, спорттық іс-шаралар, патриоттық, эстетикалық және рухани-адамгершілік бағыттағы іс-шаралар жоспарлануы керек. Яғни, жұмыс кешенді әрі жүйелі болуы қажет. Ұйымдастырушы педагог ережеге сәйкес бағытталған қызметтердің бір жұмысын басқарады: спорттық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, ғылыми-техникалық, әскери-патриоттық, көркем-эстетикалық және оны ұйымдастырудың ерекшеліктерін білуі керек.

Жалпы алғанда, клубты ұйымдастыруда бірыңғай ресми талаптар жоқ.

Мектеппен бірлескен жұмысты міндетті түрде мектеп жанында орналасқан, сондай-ақ жеке тұрған клубтар жүргізеді.

Негізінде, мектеппен бірлесіп мерекелік бағдарламалар да өткізіледі, әдетте 1 қыркүйек, Ұстаздар күні, Жаңа жыл, Масленица, 8 наурыз, Наурыз, ғарышкерлер күні, Жеңіс күні, балаларды қорғау күні, сонымен қатар, мектеппен бірігіп спорттық іс-шаралар, мини-футбол бойынша турнирлер, баскетбол, волейбол, ұлттық ойындар және т.б. өткізілуі мүмкін. Экологиялық, «жақсылық аптасын» және т.б. әртүрлі акцияларды клуб мектептермен бірігіп өткізе алады. Бірлесіп жоспарлауға ашық есік күні, әртүрлі мамандармен кездесу, кәсіптік бейімделу жұмыстары кіреді.

Клуб жұмысының сәтті жүзеге асуы үшін балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі бойынша әртүрлі әдістемелік нұсқаулар қажет.

Бұл жинақта аула клубтарында көп уақыттан бері жұмыс істейтін педагогтердің жұмыс тәжірибесі жинақталған.

Аталған жинаққа Қарағанды, Қостанай, Курчатов, Петропавл, Көкшетау, Ақтөбе қалаларының жұмыс оқу бағдарламалары, қосымша білім беру педагогтерінің тәжірибелік жұмыстары жинақталған, сондай-ақ балалармен жұмыс жасаудағы психологиялық аспектілер қарастырылған, ата-аналармен біріккен жұмыстар енгізілген.

Жинақ ұйымдастырушы педагогтер мен қосымша білім беру педагогтеріне іс-шаралар дайындау және өткізу барысында оқу-тақырыптық жоспарлар құрастырғанда, жалпы клубтағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетеді.

Аула клубтарының толыққанды жұмысы жастардың салауатты өмір салтының кепілі және жасөспірімдер ортасында нашақорлық пен қылмыстың алдын-алу шаралары болып табылады.

Қарағанды қаласы Балалар мен жасөспірімдер клубының даму бағдарламасы

Идеяның авторы: Н. Е. Сухорукова, педагогика ғылымының
кандидаты,
Қарағанды облысы БАИ «Шахтер» КМҚК директоры

Бағдарламаны өңдеушілер: А.Ы. Дементьева,
директордың ОТЖ бойынша орынбасары

Дементьева Ю.А, ҚарМТУ жанындағы
технологиялық колледжінің әдебиет
пәнінен аға оқытушы

Кіріспе

«Біз қосылайын деп жүрген мемлекеттер қауымына әлеуметтік және материалдық тұрғыда сәйкес болуымыз керек», - деп Елбасымыз халқына жолдауында атап өткен болатын. Бірақ әлем қауымдастығы материалдық игілігімен ғана емес, қоғамның сана-сезімімен, оның азаматтық ұстанымымен және өмір белсенділігімен анықталады. Біздің балалар бірнеше жылдан кейін әлем қауымдастығында елімізді таныстыратын болады.

Статистикаға сүйенсек, балалар мен жасөспірімдер белсенді өмірге ұмтылмайды. Олар белсенді қозғалыстан бас тартады. Сондықтан қазіргі кездегі мемлекеттің басты міндеттерінің бірі нағыз Қазақстандық қоғамдағы жастарды тәрбиелеудің негізгі бағытталған түрі болып табылатын белсенді өмір ұстаным дағдыларын, азаматтық сана-сезімдерін және эстетикалық дамуын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің деректемелері бойынша қалалар мен облыстарда балалар және жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық деңгейі өсіп келеді, «қиын балалар» тізімдері көбейіп, мектептерде, КМ және басқа білім және тәрбие мекемелерінде тіркеуде. Балалар қылмыстылығы жоғарылауы, агрессияның пайда болуы, девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері жасөспірімдердің өздерінде, бірақ себеп ретінде жастар мәселесі бойынша жұмыс жасайтын мамандардың дайындығын да

қарастыру қажет.

Көп жағдайда жасөспірімдер өздерінің бос уақыттарын дұрыс пайдалана білмеу себебінен қылмыстылыққа барады. Балалардың бос уақыты өз қолдарында, бірақ балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын өз бетімен іске асыра алмайды.

Жоғарыдағы жағдайды ескере отырып, балалар мен жасөспірімдер тек өз уақыттарын тиімді пайдаланып отырмай, өзінің спорттық, шығармашылық және бастамашылық әлеуетін іске асырып, белсенді азаматтық ұстаным көрсетіп, өздерін салауатты өмір салтына, патриотизмге тәрбиелейтіндей белгілі бір ұйым құруға қажеттілік пайда болды.

Осындай ұйымдардың бірі спорт мектептері мен секциялары, балалар-жасөспірімдер секциялары және басқа да мектептен тыс қосымша білім беретін мекемелермен қатар балалар мен жасөспірімдер клубтары (БЖК) болып табылады.

Клубтардағы жұмыс мемлекеттің барлық нормативтік құқықтық талаптарына сәйкес болуы қажет. Сондықтан мақсаттарға бағытталғын спорттық-сауықтыру, оқу-тәрбие және бос уақытты ұйымдастыру жұмыстары үшін БЖК дамуының бағдарламасын әзірлеу қажет екендігі белгілі. Бағдарламада талаптар, тақырыптық жоспарлар, қаржы және материалдық қамтамасыз ету көрсетіліп, бекітілу ғана емес, сондай-ақ клубқа келу, аудан қылмыстылығының, қызметінің жаңа түрлерінің (мысалы, үйірмелер, курстар) даму өзгерістері анықталуы тиіс.

Бағдарламада клубтар бағытының ерекшеліктерін, қатысушылардың контингенті мен клубтың орналасқан мекені, сондай-ақ жаңа заманға сай технологиялардың дамуы, саяси және өнегелі өзгерістері мен патриоттық және отбасылық тәрбиелеу ескерілуі қажет. Ол үшін дамудың ұзақ мерзімді бағдарламаға мониторингтік және диагностикалық зерттеу енгізілуі қажет, бұл салауатты өмір салтына тартылған балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік және сандық құрамының өзгеруін нақты қадалауға ықпалын тигізеді.

Түсініктеме

Бұл бағдарлама ҚР Конституциясына, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығына, ҚР 2001 жылдың 08 тамыздағы № 345-ІІ «ҚР бала құқығы туралы» Заңына, ҚР 2007 жылдың 27 шілдедегі № 319– ІІІ «Білім туралы» Заңына, ҚР 2004 жылдың 7 шілдедегі № 581– ІІ «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясаты

туралы» Заңына, «Шахтер» КМҚК балалар-жасөспірімдер клубтары туралы ережесіне сәйкес өңделген. Бағдарлама заман талаптарымен, балалар-жасөспірімдер клубтар жұмысына бірыңғай талаптарды құрумен мәжбүрленген.

Бағдарлама маңыздылығы

Қазіргі, креативті, интерактивті ХХІ ғасырда қоғам өмірінің түрлі саладағы тәрбие жүйесін дамыту үшін бағытталған. Осы салалардың бірі, қандай да болсын, білім болып табылады: орта, орта-мамандырылған, жоғары, немесе қосымша. Елдің дамуы үшін негізгі басымдықтардың бірі бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің балалар жасөспірімдер клубтарында алған салауатты өмір салты және Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты мақсаты болып табылатын қосымша білім мемлекеттік нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес жағдайда мемлекет дамуының тағы бір сатысы бола алады.

Бағдарлама мақсаттары

- Клубтардың мақсаттарға бағытталған даму стратегиясын өндеу.
- БЖК лайықты материалдық-техникалық және қаржы базасын құру.
- Клубтарға келетін балалар мен жасөспірімдер санын көбейту.
- Жастардың эстетикалық, өнегелі, патриоттық құндылықтарын тәрбиелеу.
- Жастардың белсенді өмір ұстанымын, шығармашылық, бастамашылық мүмкіндіктерін дамыту.
- Салауатты өмір салтын насихаттау.
- Шылым шегудің, нашакорлықтың, ішімдіктің, ЖИТС алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу.
- Клубтар мекендеген аудандарда қылмыстылық деңгейін төмендету.

Бағдарлама міндеттері: бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу үшін жұмыс бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, қала мен облыстың балалар мен жасөспірімдер аула клубтарының жұмысына талаптарды бекіту және енгізу. Қойылған міндеттерді орындау келесі **басымдықтарды** белгілеуді болжайды.

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

- Қала балалары мен жасөспірімдердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.
- Қала балалары мен жасөспірімдердің интеллектуалдық және дене дамуына жағдай жасау.
- Жасөспірімдердің кәсіби бейімделуі үшін жағдай жасау.
- Қалада болып жатқан үдерістерге жастарды тарту.
- Қала балалары мен жасөспірімдердің қоғамдық жағымды бастамашылығын қолдау және ынталандыру.
- Жастардың бос уақытын ұйымдастыру қызметін дамыту.
- Жасөспірімдер арасында жағымсыз құбылыстар деңгейін төмендету.

Бағдарлама мазмұны

Бағдарлама келесі бөлімдерден тұрады.

- Клуб дамуының перспективалық тақырыптық жоспары (тәрбие шаралары, семинарлар, тренингтер, жарыстар, ойындар, конкурстар, сапарлар және т.б.).
- Клубтың үйірме жұмысының дамуы (үйірменің аталуы, мақсаттары мен міндеттері, бағыттары және болашағы).
- Мониторинг.
- Клубтар жұмысы үшін материалдық-техникалық және қаржылық қамтамаыз ету.
- Клуб жұмысынан күтілетін нәтижелері.
- Қосымшалар (есеп беру үлгісі; мониторинг картасы; әдіскер-нұсқаушының жеке зерттеу картасы; үйірме жұмысын жүйелеу; іс-шара сценарийін өңдеу үлгісі).

Бағдарламаның тұжырымдамасы

1. Жалпы ережелер

1.1. Балалар-жасөспірімдер клубы (БЖК) туралы түсінік.

Балалар-жасөспірімдер клубтары Қарағанды қаласы әкімдігінің Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Шахтер» КМҚК бұйрығы негізінде құрылады және жабылады, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған.

1.2. БЖК мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасап, олардың мүмкіндіктерін ашып, жүзеге асыру. Клубтар балалар мен жасөспірімдердің тұрғылықты мекені бойынша бос уақытын ұйымдастыру мақсатында белсенді өмір

ұстанымы мен салауатты өмір салтын тәрбиелеу, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, түрлі жас категориясындағы тұрғындардың мәдениет деңгейін жоғарылату үшін құрылады.

Міндеттері: бос уақытты белсенді, шығармашылық тұрғыда өткізу әдеттерін қалыптастыратын мүмкіндіктерді жетілдіруге, рухани дамуына мүмкіндік беретін мәдени бос уақыт және спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесін дамыту.

2. Бағдарлама құрудың негіздемелері. Бағдарлама құруға шабыт болған БЖК жұмысына талаптар қою қажеттілігі болды, бірақ клуб бағытының ерекшеліктерін, сондай-ақ клуб мақсатын орындау үшін өткізілетін іс-шаралар мен жарыстарды өткізуді жүйелеу және қойылған мақсаттар негізінде клуб қызметінің жағымды өзгерістерін анықтау.

3. Бағдарламаның ерекшелігі және принциптері. Бағдарламаның ерекшелігі клубта өткізілетін тәрбиелік іс-шаралардың түрлері мен бағыттарын көрсету үшін топтама-модульдік жүйені пайдалану. Бағдарламада БЖК жұмысының келесі принциптері ескерілген.

- Клубқа қатысу еркінділігі.
- Клубта түрлі жас категориясындағы балаларды біріктіру.
- Балалар мен жасөспірімдердің жағымды әлеуметтенуге әсер ететін ішкі және сыртқы тәрбиелеу ортаны ұйымдастыру.
- Жеке бағдарлау принципі (әр адамға жеке қарау, клубқа қатысушылардың талаптары мен тілегін есепке алу).
- Тұтастық принципі (бір жерде түрлі жастағы балалар ғана емес, түрлі әлеуметтік деңгейдегі, әр ұлтты, әр түрлі қызығушылықтағы адамдардың жиналуы).
- Коммуникативтік өмірлік іс-әрекет бағыттылық принципі (қарым- қатынас құру дағдыларының дамуына жағдай жасау).

4. Клубтар жұмысының бөлім-модульдік жүйесі. Бұл жүйе клубтар жұмысының жағымды және тәжірибелік бағыттылығын түспалдайды. Осындай жүйе клубта тәрбиелеу жұмысын зерттеуге, сондай-ақ бұл жүйе беймазальсыз өнімді клубқа қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырады.

Блок – қатысушылар контингентінің өзгеруін ескеру үшін жұмыстың белгілі бір уақыт кесіндісіне бөлінуі, қылмыстылық, жағымсыз құбылыстар, балалар мен жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, клубтың тәрбие жұмысын тиімді деңгейге жоғарлауы/төмендеуі. Бұл бағдарламада бір блок бір тоқсаннан (жыл басынан үш ай) тұрады. Осындай ұзақ мерзімді (2009-2011 жж.) бағдарламаға қойылған мақсаттарды орындау үшін клуб жұмысын 12

блокқа (жылына 4 блок) бөлу қажет. Әрбір блок жеті модульге бөлінеді, бұл модульдерге сәйкес клуб үйірмелік және секциялық жұмысын ұйымдастыруы қажет.

Модуль (лат. Modulus - өлшем) – бұл әрбір блок кезінде клуб жұмысын ұйымдастыратын белгілі бір бағыт.

Әрбір блок жеті модульге есептелген, яғни бір блок кезінде белгілі модульдер бойынша 5-7 іс-шара өткізілуі қажет, олардың жиілігін жыл мерзіміне, ай ерекшеліктері мен клуб бағыттарына, клубқа қатысушылардың қызығушылына байланысты өзгертіп отыруға болады.

Бағдарламада келесі модульдер көрсетілген.

«Эстетика» модулі – балалар мен жасөспірімдердің өнегелі қасиеттерін дамуына бағытталған іс-шараларды, жарыстарды, семинарларды, сапарларды, саяхаттарды өткізуді ескереді. Мысалы, 8 Наурыз күніне арналған «Анашымның көздері» портреттерді салу конкурсты, «Біздің аналар» дөңгелек үстелді, «Ата-аналарды қалай ренжітпеуге болады» семинарды, «Супер мама» жарыстарды «Әйелдер лигасының Кубогы» футбол матчын, ауланың көп балалы анаға қонаққа бару және т.б.

«СӨС» модулі – салауатты өмір салтын қалыптастыруға, шылым шегудің, ішімдіктің, нашакорлықтың, ЖИТС және т.б. алдын алуға бағытталған іс-шараларды, жарыстарды, семинарларды, сапарларды, саяхаттарды өткізуді ескереді. Мысалы, «ЖИТС – шынайлық па қиял ма?» іс-шарасы, «Есірткі. Қолдаймыз ба немесе қарсымыз ба?» конференциясы «Денсаулық Кубогы» спорттың кез келген түрі бойынша жарыстар, «Ішімдіктен бас тарт!» көңілді старттар, «ЖИТС жұқтырғандарға кеңес» тренингтер, «Қол жетімді есірткілер – мұндай ұғым жөні бар ма?» пікірталас, «Музыка ішімдікке қарсы» би марафоны, сондай-ақ плакаттарды салу, мақалаларды, хаттарды жазу конкурстары және т.б.

«Экология» модулі – табиғатты қорғауға, ауданның, қаланың, облыстың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды, жарыстарды, семинарларды, сапарларды, саяхаттарды өткізуді ескереді. Мысалы, «Бабые лето» серуендеуі, «Тазалыққа шығайық!» экологиялық тәжірибе, «Планетамызды тазалайық!» тазалық бейсенбілік, «Қазақстанның флорасы мен фаунасы» конкурстық бағдарлама, «Мен тұратын көше» экологиялық очерк, «Бүркіт Кубогы» қызыл кітабына енгізілген жануарларды қорғауға арналған спорттық марафон, «Планетанды тазала!» турнирі, «Сиқырлар алаңы» интеллектуалдық ойыны, «Өсімдіктер әлемі» және т.б.

«Құқық» модулі – балалар мен жасөспірімдердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды, жарыстарды, семинарларды, сапарларды, саяхаттарды өткізуді ескереді.

Мысалы, «Бұзақылықты болдырмауға тырысайық!» құқықтық ойынды өткізу, «Маңызды шешімді қалай қабыдай білу қажет» семинары, «Мен және билік» тренингі, «Менің құқықтарым және міндеттерім» интеллектуалдық марафон, «Әкіммен пікірлесу» ашық марафон, «Заңды орындау қажет пе?» пікірталас, «Заңды сақтайтын жасөспірімдер кубогы» футбол матчы, «Мен Үкіметке барар едім...» очерк жазу конкурсы және т.б.

«Патриотизм» модулі – балалар мен жасөспірімдерді әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар, жарыстар, семинарлар, сапарлар, саяхаттар өткізуді ескереді. Мысалы, «Отан неден басталады?» плакаттар салу конкурсы, «Мен өз елімді мақтан етемін» семинары, «Менің отаным...» пікірталасы, «Біз тұратын үй» саяхат, «Алға, Қазақстан!» кез келген спорт түрі бойынша жарыстар, «Мен - патриотпын» серілер турниры, «Болашақ елі» очерктерді жазу конкурсы, «Ер болу оңай емес» Қазақстанның қарулы күштері күніне арналған іс-шара және т.б.

«Отбасы» модулі – отбасылық тәрбиелеу, «Отбасылық құндылықтар, қарым-қатынастар, байланыстар», «Отбасылық құрметтеу» және т.б дамытуға және қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, жарыстар, семинарлар, сапарлар, саяхаттар өткізуді ескереді. Мысалы, «Балалар агрессиясының пайда болу себептері», «Менің баламның әдеттері», «Менің балам біреуге ғашық болды» тақырыптарында ата-аналар жиналысын ұйымдастыру, отбасы психологының қатысуымен отбасылық тәрбиелеу бойынша ата-аналармен «Қалай тіл табысу керек?», «Өтпелі жас. Қалай бірге өтеміз?», «Әкелер Кубогы» тақырыптарда тренингтер мен жарыстарын өткізу, көп балалы аналармен кездесу.

«Болашақ» модулі (кәсіби бейімделу) – кәсіби тәрбиелеуге және болашақ мамандық тандауға бағытталған іс-шараларды, жарыстарды, семинарларды, сапарларды, саяхаттарды өткізуді ескереді. Психологтың көмегімен клубқа қатысушыға профессиограмма құру, «Өз мамандығында ең үздік» іс-шарасын, «Сенің таңдауың», мамандықтардың жәрмеңкесін, конкурстар өткізу, түрлі бағыттардағы мамандарды шақырып, семинарлар, әңгімелесу, конференциялар, тәжірибелік сабақтар өткізу.

Бұл жүйе іс-шаралар тақырыптарын және өткізу түрлерін тандау кезінде жұмысты жеңілдетеді, сондай-ақ тәрбиелеу, оқыту үдерісін, үйірме жұмысын жүйеге келтіреді.

**Клуб дамуының 2011 – 2015 жылдарға арналған
перспективалық тақырыптық жоспары
(12 блок)**

Клуб аталуы

Клуб жұмысының бағыты

Клубқа қатысушылардың саны

Клубтағы балалардың жас ерекшеліктері бойынша топтары

Клубтың үйірме және секциялық жұмысы

- Үйірме аталуы
- Қызмет бағыты

Клуб жұмысының мақсаты мен міндеттері

Жұмыс ерекшеліктері (ерекшелігі, контингент, орналасуы, клуб жұмысының ұзақтығы және т.б.)

**2011 – 2015 жылдарға тақырыптық үлгі жоспары
(«Шахтер» КМҚК өткізетін іс-шараларды есепке алмаған жағдайда)**

Блок	Модуль	Іс-шараның тақырыбы және түрі	Жауапты	Орындау мерзімі	Ескертулер (өткізудің қиыншылығы мен ерекшеліктері)
1	СӨС			Қаңтар –наурыз	
	Эстетика			Қаңтар -ақпан	
	Экология			Ақпан	
	Құқық			Ақпан –наурыз	
	Патриотизм			Наурыз	
	Отбасы			Наурыз	
	Болашақ			Ақпан	
2	СӨС			Сәуір-маусым	
	Эстетика			Сәуір –мамыр	
	Экология			Мамыр	
	Құқық			Мамыр-маусым	
	Патриотизм			Маусым	
	Отбасы			Маусым	
	Болашақ			Мамыр	
3	СӨС			Шілде -қыркүйек	
	Эстетика			Шілде –тамыз	
	Экология			Тамыз	
	Құқық			Тамыз-қыркүйек	
	Патриотизм			Қыркүйек	
	Отбасы			Қыркүйек	
	Болашақ			Тамыз	

4	СӨС			Қазан –желтоқсан	
	Эстетика			Қазан –қараша	
	Экология			Қараша	
	Құқық			Қараша – желтоқсан	
	Отбасы			Қараша	
	Болашақ			Қараша	
	Патриотизм			Желтоқсан	
5	СӨС			Қаңтар -наурыз	
	Эстетика			Қаңтар-ақпан	
	Экология			Ақпан	
	Құқық			Ақпан -наурыз	
	Патриотизм			Наурыз	
	Отбасы			Наурыз	
	Болашақ			Ақпан	
6	СӨС			Сәуір-маусым	
	Эстетика			Сәуір-мамыр	
	Экология			Мамыр	
	Құқық			Мамыр-маусым	
	Отбасы			Маусым	
	Болашақ			Маусым	
	Патриотизм			Маусым	
7	СӨС			Шілде	
	Эстетика			Шілде -қыркүйек	
	Экология			шілде-тамыз	
	Құқық			Тамыз	
	Патриотизм			Тамыз –қыркүйек	
	Отбасы			Қыркүйек	
	Болашақ			Қыркүйек	
8	СӨС			Қазан –желтоқсан	
	Эстетика			Қазан –қараша	
	Экология			Қараша	
	Құқық			Қараша – желтоқсан	
	Патриотизм			Қараша	
	Отбасы			Желтоқсан	
	Болашақ			Желтоқсан	
9	СӨС			Қаңтар – наурыз	
	Эстетика			Қаңтар – ақпан	
	Экология			Ақпан	
	Құқық			Ақпан– наурыз	
	Патриотизм			Сәуір-маусым	
	Отбасы			Сәуір-мамыр	
	Болашақ			Мамыр	
10	СӨС			Мамыр-маусым	
	Эстетика			Маусым	
	Экология			Маусым	
	Құқық			Мамыр	

	Патриотизм			Сәуір-маусым	
	Отбасы			Сәуір-мамыр	
	Болашақ			Мамыр	
11	СӨС			Шілде	
	Эстетика			Шілде-қыркүйек	
	Экология			Шілде – тамыз	
	Құқық			Тамыз	
	Патриотизм			Тамыз – қыркүйек	
	Отбасы			Қыркүйек	
	Болашақ			Қыркүйек	
12	СӨС			Қазан - желтоқсан	
	Эстетика			Қазан – қараша	
	Экология			Қараша	
	Құқық			Қараша– желтоқсан	
	Патриотизм			Қараша	
	Отбасы			Желтоқсан	
	Болашақ			Желтоқсан	

2011 – 2013 жылдарға клубтың үйірме жұмысының дамуы

Үйірме(лер) аталуы:

1. Үйірме бағыты
2. Қатысушылар саны
3. Жас топтары
4. Үйірме жұмысының мақсаты мен міндеттері
5. Келешегі (алдағы жылдарда аудандық, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға, жарыстарға, конференцияларға т.б. қатысу)
6. Үйірме/секциялық қызметінің мазмұны (жұмыстың сипаттамасы)
7. Жаттығулар мен іс-шаралардың болжамды тақырыбы
8. Басқа БЖК, ММУ, жастар ұйымдарымен, білім беру, спорт, денсаулық сақтау мекемелерімен бірлескен жұмыс.

Әдіскер – нұсқаушылар үшін БЖК жұмысы туралы есебі:

- Өткен блок, жыл бойынша клуб жұмысы туралы есеп беру;
- Үйірме бағдарламасы аяқталған кезде үйірме/секция жұмысы туралы есеп беру (есеп беру жоспары № 1, 2-қосымшада).

Бағдарлама бойынша БЖК жұмысының күтілетін нәтижесі

- Балалар мен жасөспірімдердің белгілі бір бағыттағы бос уақытты өткізуге қызығушылықтары артады.
- Жасөспірімдер арасында қылмыстылық деңгейінің, қоғамда жасөспірімдер арасында жағымсыз құбылыстардың төмендейді.

- Қала мен облыстың тұрғындары арасында салауатты өмір салты қалыптасады.

- Қоғамның әлеуметтік қорғалмаған топтардан (мүгедектер, жетім балалар, аз қамсыздандырылған отбасылардан, есепте тұрған және т.б) көбірек балалар мен жасөспірімдерді клубқа тартылады және тұрғындардың барлық топтарынан балалар мен жасөспірімдерді қамтылады.

- Балалар мен жасөспірімдердің интеллектуалдық және спорттық даму деңгейі жоғарлайды.
- Жастардың шығармашылық және бастамашылық мүмкіндіктері дамиды.
Балалар мен жасөспірімдердің белсенді өмірлік ұстанымы тәрбиеленеді;
- Клуб орналасқан ауданда әлеуметтік жағдай жақсарады.
- Қазақстандық патриотизм сезімі қалыптасады.
- Дені сау, бәсекеге қабілетті жастар тәрбиеленеді.
- Мектептен тыс бос уақытты ұйымдастыру қызметі жоғарғы деңгейде болады.

Мониторинг

Мониторинг (лат. Monitor - алдын ала ескертуші) – осы бағдарламада қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау нәтижелері бойынша клубтағы өзгерістерді қадағалау және бақылау.


Мониторингті әр жартыжылдықта келесі көрсеткіштер бойынша сызбалар мен кестелерді толтыру арқылы жүргізуге болады.

- Клубқа балалар мен жасөспірімдердің келуі (қатысушылар санын қамту);
- Қылмыстылық;
- Қоғамның әлеуметтік қорғалмаған топтарын қатыстыру;
- Үйірме қызметін кеңейту;
- Клуб қызметінің аясын кеңейту.


Мониторинг картасын құрастыру үлгісі № 3 қосымшада.
«Клуб аталуы»


Клуб қызметінің өзгеруі нәтижесінде күтілетін нәтижелер
Мысалы. Клубқа қатысушылардың сандық құрамының өзгеруі.
 (тұрақты келетіндер)

Клубқа балалар мен жасөспірімдердің келуі



Клубқа қатысушылардың әлеуметтік құрамының өзгеруі
 (жетім балалар, мүгедектер, есепке қойылғандар және т.б. саны)






Үйірменің қызмет аясын кеңейту



Клуб қызметінің бағыттарын кеңейту



Клубтың дамуын материалдық қамтамасыз ету

Жыл	Қажетті қамтамасыз ету	Орындау мезгілі	Жауапты
2013			
2014			
2015			

Жабдықтау тізімі клубтың жұмыс бағыты мен ерекшеліктеріне, орналасқан мекені мен клубта жасалған жөндеу жұмыстарына байланысты болады: компьютерлік, музыкалық жабдықтау, спорттық керек-жарақтар, декорациялар, костюмдар, тренажерлар, командалық арнайы киім, кеңсе тауарлары.

Қаржылық қамтамасыз ету

2013	2014	2015

Қосымшалар

- Блок және жыл бойынша есеп жоспары.
- Мониторинг картасы.
- Әдіскер-нұсқаушының зерттеу картасы.
- Үйірме жұмысын жүйелендіру.
- Іс-шара сценарийін жасау үлгісі.

№1 қосымша

20__ жыл ___ блокта клубтың атқарған жұмысы туралы есеп

Клуб:

Әдіскер-нұсқаушы:

Бағыты:

Қатысушылар саны:

Блок	Модуль	Іс-шара (жарыс, көрме, сапар, семинар, ойын, саяхат)	Қатысу шылар (саны)	Қатысу шылар	Іс- шараны дайында у және өткізуді бағалау	Жауапты	БАҚ-та жария лау

Қосымша: іс-шара сценарийі, фотосуреттер, газеттердегі мақалалар, марапаттау қағаздары, рецензиялар (бар болған жағдайда) және т.б.

№2 қосымша

20__ жыл бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп

Клуб атауы

Бағыты

Әдіскер-нұсқаушы

Үйірмелер аталуы

Қатысушылар саны/тұрақты қатысатындар

Әлеуметтік қорғалмаған топтар (жетім балалар, аз қамсыздандырылған, қамқорлыққа алынған балалар, мүгедектер, есепте тұрған/есепке қойылған):

Клубтың мақсаттары мен міндеттері

Қызмет бағытының маңыздылығы

Атқарылған жұмысты талдау

- Өткізілген іс-шараларды сипаттау және бағалау, өткізу сапасы, жұмысты бағалау, келгендердің, БАҚ-тың, тексерушілердің пікірлері.
- Сатып алынған жабдықтар, қайта өңдеу.
- Жана үйірмелер ашу, үйірме жұмысын қортындылау (қатысушылар, іс-шаралар).
- Барлық клубтар үшін өткізілетін іс-шаралар мен жарыстарға, сондай-ақ қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға, жарыстарға қатысу.
- Марапаттаулар, мадақтаулар, баяндамалар және т.б.

- Психологиялық, кәсіби, сондай-ақ салауатты өмір салтына арналған тренингтерге өткізу, қатысу және бағалау.
- Психологпен, ММУ, басқа клубтармен, мектептен тыс білім беру, спорттық, денсаулық сақтау, құқық қорғау мекемелерімен бірлескен жұмыс.
- Экскурсияларды, саяхаттар мен сапарларды ұйымдастыру (талдау).
- Рейтинг.

Қосымшалар: фотосуреттер, диагностикалық карта, мониторинг, қолдан жасалған ұсақ-түйектер, мадақтаулар.

№ 3 қосымша

20__ жылдың __ жартыжылдығы бойынша мониторинг картасы

Саны	қатысушылар	Әлеуметтік қорғалмаған топтар	Үйірмелер	Бағыттар	Қылмыстылық %
1 блок					
2 блок					
3 блок					

№ 4 қосымша

Әдіскер-нұсқаушының диагностикалық картасы

Әдіскер-нұсқаушының ТӘЖ
 Клуб
 Бағыты
 Нұсқаушы жұмысының мақсаттары мен міндеттері
 Қатысушылар саны
 Үйірмелер аталуы
 Мадақтаулар
 Марапаттаулар
 Алғыстар
 Курстардан өту (тіл, психология, спорт, салауатты өмір салты және т.б: біліктілікті жоғарылату)
 Сертификаттар
 Әдіскер-нұсқаушының рейтингі
 Әдіскер-нұсқаушылар арасында іс-шараларға қатысу, алған орындары
 Өз қызметін бағалау
 Клубқа қатысушылардың, әріптестердің, ата-аналардың, басшылықтың пікірлері

Психологтың мінездемесі
Келесі жылға жоспар

№ 5 қосымша
Үйірме жұмысын жүйелендіру

Үйірме	Қатысушылар саны	Бағыты	Атқарылған жұмысы (іс-шаралар, жарыстар, т.б)	Үйірме жұмысының келешегі
1 блок				
2 блок				
2 блок				

№ 6 қосымша
Іс-шара сценарийін құру үлгісі

Аталуы
Өткізу орны және уақыты
Мақсаттары
Міндеттері
Жүргізушілер мен қатысушылар
Жауаптылар
Жабдықтау (оқытудың техникалық құралдары)
Өңдеу (декорациялар):
Іс-шара түрі
Тарату материалдары
Қазылар алқасы және қонақтар

Іс-шара жоспары

1. Кіріспе сөз
2. Мақсатты тұжырымдау
3. О
4. О
5. О
6. Қорытындылау
7. Жеңімпаздарды марапаттау

Іс-шараның өту барысы

Жүргізушілердің сөздері, тапсырмалар, конкурстар, тілек және кіріспе сөздерді көрсету мен өту барысын бағдарлау.

Қосымша: қазылар алқасы үшін тарату материалдары және тапсырмалар, т.б.

**Бастауыш және орта жастағы балаларға арналған
балалар мен жасөспірімдерді қосымша дамытудың
«Атамекен» білім беру бағдарламасы
(ұлттық сәндік-қолданбалы өнер үйірмесі)**

**«Қостанай қаласы әкімдігі
білім бөлімінің аула клубы»
МКҚК,
қосымша білім беру педагогі
Ибраева А.З.**

Түсініктеме

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы.



Өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиеттерін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым-тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді

әрі ғажайып жол екенін көрсетті. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер - осы жол арқылы дарыған.

Салт-дәстүрді, әдеп-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, сәндік/декоративті/-қолданбалы туындыларды жасай білу, үйрену және өмірде қолдана білуге үйірме сабақтары ықпал етеді.

Ұлтымыздың қолөнері - сан ғасырлар керуенін артқа тастап, өмірдің өзімен бірге дамып, гүлденіп келе жатқан төл мәдениетіміздің қайнар бұлағы, атадан балаға мирас болып қалатын асыл мұрамыз. Сәндік бұйымдар халық қолөнерінің туындылары болып саналады.

Бұл бағдарлама өнердің басқа да түрлері секілді ою-өрнектің де балалардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға бағытталған және де білім мен ұлттық тәлім-тәрбие кезеңдерін де қамтиды.

Сонымен қатар, негізгі бағдарлама қолөнер туындылары арқылы балаларды шығармашылық ізденіске бағыттайды, эстетикалық тәрбие береді.

Бағдарлама мақсаты: ұлттық сәндік-қолданбалы қолөнер туындыларын жасау негізінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдайлар жасау.

Бағдарлама міндеттері:

ұлттық қолөнер туындыларын жасауда технологиялық тізбек пен ою-өрнектерді жасау әдіс-тәсілдеріне үйрету;

балаларды туған еліміздің тарихы мен мәдениетіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен қолданбалы өнеріне баулу;

қолөнер туындыларын жасауға арналған құралдарды таңдауда балалардың өзіндік эстетикалық талғамдарын, шығармашылық және шеберлік қабілеттерін дамыту;

туындылар жасауда тазалыққа, тиянақтылыққа, үнемділікке және жауапкершілікке тәрбиелеу;

балалардың көркем-шығармашылық белсенділіктерін қалыптастыруға жағдай жасау.

Бағдарламаның көлемі, оқыту және бақылау тәсілдері

Бағдарламаның көлемі 2 жылға арналған.

1-ші жыл – 144 сағат /аптасына 4 сағат/.

2-ші жыл - 180 сағат /аптасына 5 сағат/.

Сабақ түрлері балалардың қабілеттері мен жас ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі бағытта қолданылады.

Оқыту барысында түсініктемелі-суретті, ізденісті, өздігінен талпыну және де іс-қимыл әрекетті әдістері қолданылады.

Сабақ жеке, жұппен немесе шағын топтармен жүргізіледі.

Оқыту барысында:

қалыпты сабақ;

кеңес беру;

пікір-талас;

практикалық жұмыстар;

өздігінен бұйымдар жасау;

көрме безендіру;

шығармашылық қабілеттерін ашу сияқты **сабақ түрлері қолданылады.**

Үйірмеге қатысушы балалардың жасы: 8-15 жас, саны: 10-15 бала.

Бірінші жылға арналған бағдарлама жоспары

№	Тақырыптары	Сағат саны	Жалпы	
			Теория	Тәжірибе
1	Кіріспе сабағы. Сәндік-қолданбалы өнері. Қауіпсіздік ережелері	2	2	
2	Ұлттық ою-өрнектердің шығу тарихы	2	2	
3	Ою-өрнектердің түрлері және жасалу жолдары	4	2	2
4	«Мүйіз» элементінен ою-өрнек жасау	2		2
5	«Құс қанаты» элементінен ою-өрнек жасау	2		2
6	«Қос алқа» өрнегі	2		2
7	«Төртқұлақ» өрнегі	2		2
8	«Шаршы» ою-өрнегі	2		2
9	Шексіздікке ұластыра ою	4		4
10	Қағазды бүктеп ою үлгілері	6		6
11	Мата мен жіптерден аппликация жасау	4	2	2
12	Жіптерді түстері бойынша кесіп дайындау	2		2
13	Ою-өрнекті картон қағазға жапсыру	2		2
14	Аппликацияны әрлеп безендіру	2		2
15	Киіз үй: жабдықтары мен жиһаздары	2	2	
16	Киіз үй жабдықтарының үлгілерін дайындау	4		4
17	«Сырмақ» жасау жолдары	4	2	2
18	«Ақ сырмақ», «Қара ала сырмақ» төсеніші	4	1	3
19	«Жиекті сырмақ», «Дебіске сырмақ» жасау жолдары	4	1	3
20	Көрпе. Қиғаштарын пішу	4	1	3
21	Қиғаштарды құрастырып көрпе құрау	4		4
22	Көрпені әрлеу	4		4
23	Құрақ көрпе. Құрақтар дайындау	4	1	3
24	Сызба бойынша құрақтар құрастыру	4		4
25	Бұрыштарын әрлеу	2		2
26	Қоржын. Үлгілерін бейнелеу	4	1	3
27	Қоржынды матадан пішу	4		4
28	Қоржынға ою-өрнек қиғаштарды пішу	4		4

29	Қоржынды әрлеу	4		4
30	Көрме ұйымдастыру	2		2
31	Сый-кәде. Сәнді қолдорба	2	2	
32	Теріден құрақтар пішу	2		2
33	Қолтігіспен құрақтар құрау	4		4
34	Құндызбен, моншақтармен қолдорбаны әрлеу	6	2	4
35	Түрлі тәсілдермен сәнді бау дайындау	2		2
36	Сый-кәде. «Бота», «Киіз үй»	2	2	
37	Ойыншық дайындау	4		4
38	Шашақтармен әрлеу	2		2
39	Киіз үй қаңқасын дайындау	2		2
40	Былғары немесе киіз матамен қаптау	2		2
41	Ою-өрнектеп тесьмамен әрлеу	2		2
42	Шашақтар мен жіптерден панно жасау	2	2	
43	Композиция таңдау. Үлгісін жасау	4	2	2
44	Жіп пен шашақ түрлерін түсіне қарай таңдау.	2		2
45	Шашақтарды әрлеу. Жиектеріне жіп жапсыру	4		4
46	Панно композициясын әшекейлеу	2		2
47	Көрме ұйымдастыру	2		2
48	Қорытынды сабақ	2	2	
	Барлығы	144		

Екінші жылға арналған бағдарлама жоспары

№	Тақырыптары	Сағат саны	Жалпы	
			Теория	Тәжірибе
1	Кіріспе сабағы. Сәндік-қолданбалы өнері. Қауіпсіздік ережелері	2	2	
2	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері	2	2	
3	Бесікке салу	2	2	
4	Бесік жабдықтары. Үлгілерін жасау	10	2	8
5	Қырқынан шығару. Иткөйлек тігу	4	2	2
6	Тұсау кесу	2	2	

7	Тұсау кесер ала жіп дайындау	2		2
8	Базарлық. Байғазы	4	2	2
9	Жасау	4	2	2
10	Құда түсу. Кәделер	2	2	
11	Екі қанатты қоржынды матадан пішу	4		4
12	Екі қанатты қоржынға ою-өрнек қиғаштарды пішу, әрлеу	4		4
13	Ұлттық киімдер. Ұлттық киімдер тарихы	2	2	
14	Ұлттық бас киімдер үлгілері	4	2	2
15	Тақия тігу, тесьмамен кестелеу	6	2	4
16	Сәукеле құрақтарын пішу	2		2
17	Сәукеле тігу	4		4
18	Ою-өрнекпен, моншақпен, құндызбен әрлеу	4		4
19	Кимешек. Үлгілері	2	2	
20	Кимешек тігу	4		4
21	Түрлі-түсті ою-өрнектермен әрлеу	4		4
22	Сырт киімдер үлгілері	4	2	2
23	Қамзол үлгісін жасау	2		2
24	Қамзол құрақтарын пішу және құрау	4		4
25	Ою-өрнекпен, тесьмамен әрлеу	2		2
26	Қыз баланың ұлттық бүрмелі көйлегін дайындап, пішу	4	2	2
27	Көйлек бөлшектерін құрастыру	2		2
28	Бүрмелі көйлекті әрлеу	4		4
29	Шапан. Үлгілері	2	2	
30	Шапан құрақтарын пішу және құрау	4		4
31	Ою-өрнекпен, тесьмамен әрлеу	4		4
32	Сый-кәде. Ұлттық киімдер киген қуыршақтар	2	2	
33	Бүрмелі көйлектің құралдарын пішу, құрау және әрлеу	4		4
34	Бас киім тігіп, әрлеу	2		2
35	Моншақтардан жасалған әшекейлер	2	2	
36	Білезік. Сызба бойынша тоқу	4		4
37	Бес білезік	6		6
38	Алқа. Талмоншақ	4		4
39	Тұмарша	4		4

40	Шолпы. Сылдырмақ түрлерін жасау	6		6
41	Сырға. Таңдау бойынша бұйым түрлері	4		4
42	Ілмекпен тоқу. Бұйым түрлері	2	2	
43	Ілмекпен тоқу тәсілдерін үйрету	4		4
44	Табак астына шілтер майлық тоқу	4		4
45	Сый-кәде. Ілмекпен тоқылған бұйымдар	6	2	4
46	Білтегішпен тоқу. Бұйым түрлері	2	2	
47	Білтегішпен тоқу тәсілдерін үйрету	4		4
48	Таңдау бойынша білтегішпен тоқылатын бұйымдар дайындау	6		6
49	Сый-кәде. Ойыншықтар жасау	2	2	
50	Сызба бойынша білтегішпен ойыншықтар тігу	4		4
	Барлығы	180		

Бағдарлама мазмұны

Бірінші жыл – 144 сағат

1. Кіріспе сабағы. Сәндік-қолданбалы өнер Қауіпсіздік ережелері /2 сағат/.

Жұмыс орнын жабдықтау. Тәрбиеленушілерді үйірменің мақсаты және міндеттерімен таныстыру. Оқу-жұмыс барысында қажетті қауіпсіздік ережелері мен жеке бас гигиенасы жайында нұсқаулар беру. Сәндік/декоративті/-қолданбалы өнер жайында баяндау.

Қолданбалы өнер - түрлі ұлттың халықтарына сияқты қазақ еліне де тегіс тараған өнер. Әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Қолданбалы өнер тек ою-өрнек қана емес, олар математикалық ойдың, есептің, бұрыштар өлшемдерінің, өң-түс, сабақтастығы жан-жақты шығармашылықпен ойландыратын тәрбие құралы.

2. Ұлттық ою-өрнектердің шығу тарихы /2 сағат/.

Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген. Оған дәлел – халықтың ежелгі қолданбалы өнерінің маңызды бөлігін ою-өрнектердің құрауы. Ою-өрнек халықтық өнердің ежелден келе жатқан бір түрі. Оның шығу тарихы тереңде. Қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі бірге келіп, латынша «Орнамент» көп елдің тіліне сіңген интернационалдық термин, мағынасы сәндеу, әсемдеу. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, бұл өнер бізге ежелгі көшпенділерден жеткен. Біздің заманымызға дейін 6-7 ғасырларда Орта Азия, Қазақстан, Алтай және Оңтүстік Сібір

жерлерінде бір-бірімен тығыз байланыста ортақ мәдениеті бар туыстас тайпалар өмір сүрген.

Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен үш түрлі ұғым бейнелейді. Біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден-жер-су, көшіп қону, үшіншіден- күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың бейнесін береді. «Ою» - белгілі бір затты ою (тас, ағаш, темір), кесу (ағаш, сүйек), тігу (былғары, тері): кию (қағаз, мата) тәсілдері арқылы жүзеге асады.

3. Ою-өрнектердің түрлері және жасалу жолдары /24 сағат/.

«Мүйіз», «Құс қанаты», «Қос алқа», «Төртқұлақ», «Шаршы» ою-өрнектерінің жасалу жолдарын қағаз бетіне сызып, қиып көрсетіп, үйрету.

Ойма, сызба, қима оюлардың жасалу жолдарын түсіндіру. Шексіздікке ұласқан ою түрін кию әдісін қолдандыру.

Қағазды төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он бүктеп өрнек ою тәсілін үйрету. Әр ою нендей затқа немесе жануарға ұқсайтынын анықтап, шығу тарихы жайында баяндап отыру.

Жалпы ою-өрнектер атауларын мағынасына қарай мынадай етіп жіктеуге болады.

«Жұлдыз өрнегі» - ай-күн, жұлдыздағы көк аспан әлеміне байланысты ою-өрнектер.

«Қошқар мүйіз» - малға, малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер.

«Бұғы мүйіз» - аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер.

«Тышқан із» - құрт-құмырсқаларға байланысты өрнектер.

«Қарлығаш» - құстарға байланысты өрнектер.

«Мақта ою» - жер-су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер және т.б.

4. Мата мен жіптерден аппликация жасау /10 сағат/.

Дайындайтын композицияның сызбасын бейнелеуді үйрету. Жіптердің түстеріне қарай ажыратуға үйрету. Қағаздан қиылған ою-өрнекті жабыстырып, аппликацияның жиектерін жіппен әрлеу.

5. Киіз үй: жабдықтары мен жиһаздары /6 сағат/.

Киіз үйдің шығу тарихы жайында баяндау. Бейне суреттер арқылы киіз үйдің бөліктері, қаңқасы, ши, бау-шулары жайында мағлұмат беру.

6. «Сырмақ» жасау жолдары /12 сағат/.

Үй жиһазының бірі – сырмақ – ата-бабамыздың дәстүрлі төсеніші болған. Сырмақ түрлеріне тоқталу. Матаның келісті түстерін таңдау. «Ақ сырмақ», «Қара ала сырмақ», «Жиекті сырмақ», «Дебіске сырмақ» төсеніштердің жасалу жолдарын үйрету, өздігінен таңдау бойынша жасату. Сырмақ деп ақ және қара түсті қой жүнінен басылған киізді пайдалана отырып, өрнектерін бірдей қылып ойып, безендіріп, жүн

жіппен сырып тігілген төсенішті айтамыз. Сырмақ түрлерін бейнелеуде оқушылар мынаны естен шығармау керек.

Өрнек элементтерін симметрия осьтерін ескере отырып салу.

Өрнек элементтерін бояй отырып, суреттің түстік үйлесімін табу.

Өрнектердегі контраст түстерді сауатты пайдалану.

Көмекші сызықтарды қатты баспау.

7. Көрпе. Қиғаштарын пішу /22 сағат/.

Көрпе түрлерін қағазға сызба түрінде дайындау. Маталарды қиғаштарға бөлу. Матаның келісті түстерін таңдата білу. Қиғаштарды құрастырып көрпе құрау. Көрпені әрлеу. Құрақты көрпе. Құрақтар дайындау. Сызба бойынша құрақтарды құрастыру. Бұрыштарын әрлеу.

8. Қоржын. Үлгілерін бейнелеу /16 сағат/.

Дайындайтын қоржынды бейнелеп көрсету. Түрлі-түсті бояумен сәндеп бояу. Қоржынды матадан пішу. Қоржынға ою-өрнек қиғаштарды пішу. Қоржынды әрлеу.

9. Көрме ұйымдастыру /2 сағат/.

10. Сый-кәде. Сәндік қолдорбасы /16 сағат/.

Теріден құрақтар пішу. Қолтігіспен құрақтарды құрау. Құндызбен, моншақтармен қолдорбаны әрлеу. Әр түрлі тәсілдермен сәнді бау дайындау.

11. Сый-кәде. «Бота», «Киіз үй» /14 сағат/.

Ойыншықты дайындау. Ою-өрнектеп, шашақтармен безендіріп әрлеу.

Киіз үй қанқасын дайындау. Былғары немесе киіз матамен қаптау. Ою-өрнектеп тесьмамен әрлеу.

12. Шашақтар мен жіптерден панно жасау /14 сағат/.

Композиция таңдау. Үлгісін жасау. Жіп пен шашақ түрлерін түсіне қарай таңдау. Шашақтарды әрлеу. Жиіктеріне жіп жапсыру.

Панно композициясын әшекейлеу.

13. Көрме ұйымдастыру /2 сағат/.

14. Қорытынды сабақ /2 сағат/.

Екінші жыл – 180 сағат.

1. Кіріспе сабағы. Сәндік-қолданбалы өнер.

Қауіпсіздік ережелері /2 сағат/.

Жұмыс орнын жабдықтау. Тәрбиеленушілерді үйірменің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру. Оқу-жұмыс барысында қажетті қауіпсіздік ережелері мен жеке бас гигиенасы жайында нұсқаулар беру. Сәнді/декоративті/-қолданбалы өнері жайында баяндау.

Қолданбалы өнер - түрлі ұлттың халықтарына сияқты қазақ еліне де тегіс тараған өнер. Әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Қолданбалы өнер тек ою-өрнек қана емес, олар математикалық ойдың, есептің, бұрыштар өлшемдерінің, өң-түс, сабақтастығы жан-жақты шығармашылықпен ойландыратын тәрбие құралы.

Ұлттық ою-өрнектердің шығу тарихы /2сағат/.

Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген. Оған дәлел – халықтың ежелгі қолданбалы өнерінің маңызды бөлігін ою-өрнектердің құрауы. Ою-өрнек халықтық өнердің ежелден келе жатқан бір түрі. Оның шығу тарихы тереңде. Қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі бірге келіп, латынша «Орнамент» көп елдің тіліне сіңген интернационалдық термин, мағынасы сәндеу, әсемдеу. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, бұл өнер, бізге ежелгі көшпенділерден жеткен. Біздің заманымызға дейін 6-7 ғасырларда Орта Азия, Қазақстан, Алтай және Оңтүстік Сібір жерлерінде бір-бірімен тығыз байланыста ортақ мәдениеті бар туыстас тайпалар өмір сүрген.

Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен үш түрлі ұғым бейнелейді. Біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден-жер-су, көшіп қону, үшіншіден- күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың бейнесін береді. «Ою» -белгілі бір затты ою (тас, ағаш, темір), кесу (ағаш, сүйек), тігу (былғары, тері): қию (қағаз, мата) тәсілдері арқылы жүзеге асады.

2. Ұлттық киімдер. Ұлттық киімдер тарихы /64 сағат/.

Ұлттық бас киімдерінің үлгілері. Тақия тігу, тесьмамен кестелеу. Сәукеле құрақтарын пішу. Сәукеле тігу. Ою-өрнекпен, моншақпен, құндызбен әрлеу. Кимешек. Үлгілері. Кимешек тігу. Түрлі-түсті ою-өрнектермен әрлеу.

Сырт киімдер үлгілері. Қамзол үлгісін жасау. Қамзол құрақтарын пішу және құрау. Ою-өрнекпен, тесьмамен әрлеу. Қыз баланың ұлттық қазақша бүрмелі көйлегін дайындап, пішу. Қазақша көйлек құрақтарын құрастыру. Бүрмелі көйлекті әрлеу. Шапан. Үлгілері. Шапан құрақтарын пішу және құрау. Ою-өрнекпен, тесьмамен әрлеу.

3. Сый-кәде. Ұлттық киімдер кигізілген қуыршақтар /8 сағат/.

Бүрмелі көйлектің құралдарын пішу, құрау және әрлеу. Бас киім тігіп, әрлеу. Қуыршақты безендіру.

4. Моншақтардан жасалған әшекейлер /30 сағат/.

Білезік. Сызба бойынша тоқу. Бес білезік. Жасау үлгісін көрсетіп, үйрету. Алқа. Талмоншақ. Тұмарша. Шолпы. Сылдырмақ түрлерін жасау. Сырға. Таңдау бойынша бұйым түрлері.

Зергерлік – өте ертеден келе жатқан өнер саласы. Әсіресе, оған қазақ халқы көп көңіл аударған. Өртүрлі сәнді бұйымдар асыл тастардан жасалған қымбат заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

Қазақ даласында оюлар әр түрлі үлгіде дамыған. Еліміздің әрбір өңірінің өзіндік стильдік ерекшеліктері, үлгілері болған. Соған карамастан, барлық оюлардың бастапқы элементінің негізі — «мүйіз» тектес ою-өрнек болып саналады. Қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, құрау, еріту, балқыту, қию арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме, алаша, қоржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Ғалымдардың пайымдауынша қазақ ұлттық ою-өрнектерінің, әзірше 230-дай түрі ғана анықталған. Біз солардың ішіндегі халық арасында ең көп тараған «мүйіз» тектес ою-өрнек туралы сөз етпекпіз.

5. Ілмекпен тоқу. Бұйым түрлері /16 сағат/.

Ілмекпен тоқу тәсілдерін үйрету. Табақ астына шілтеме майлық тоқу. Сый-кәде. Ілмекпен тоқылған бұйымдар.

Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі.

Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы, ата-бабаларымыз бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.

Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта пайдалануға болады. Ілмекпен тоқу үшін жүннен, мақтадан иірілген кез келген жіпті немесе жібек жіпті және т.б. пайдалануға болады.

Әдетте үстіге киетін киімдерді бостау иірген, ал дастархан, салфетка, сумка сияқты заттарды ширақ иірілген жіптен тоқиды. Бөлшектерінің сыртқы пішіні үлгімен есепке сәйкес шалуды қосу, қысқарту, сирек те жиі тоқу арқылы жасалады.

6. Білтегішпен тоқу. Бұйым түрлері /12 сағат/.

Білтегішпен тоқу тәсілдерін үйрету. Таңдау бойынша білтегішпен тоқылатын бұйымдар дайындау.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап-тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемдікке жетелеуде. Адамдар тұрмысының үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени-тұрмыстық тілектері

өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі-түсті бояулар әлемінің үйлесімдігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлері. Зығыр, мақта иірімжібі, мохер, жүн иірімжібі, ангор, кашемир, альпака, вискоза, фасонды иірім жіп. Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған. Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған. Қой жүні – күзем және жабағы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүн деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып кептіреді де, сабауға дайындайды. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.

Жүнді машинамен, қолмен иіруге болады. Өндірісте жүн иіру технологиясында жүн иіретін арнайы машиналар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста да жүн иіруге арналған аппараттар қолданылады.

Ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30 см шамасында, сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Оның ішкі тесігінің диаметрі -2, 5 мм, сыртқы өлшемі - 30мм.

7. Сый-кәде. Ойыншықтар жасау /6 сағат/.

8. Қорытынды сабағы /2 сағат/.

Оқу-әдістемелік және техникалық жабдықтар.

Оқу-әдістемелік құралдар:

ою-өрнектер сызба суреттері;

апликация үлгілері;

құрақтар дайындау нұсқаулары;

қолөнер бұйымдарының суреттері;

